

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2025 жылғы 23 желтоқсандағы № 82 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 26 желтоқсанда № 37693 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2026 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 6-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің Төрағасы

М. Абылкасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі
Басқармасының
2025 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 82 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысудың үлгі шартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 24 қыркүйектегі № 345 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2548 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысудың үлгі шартында:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын Төраға _____ арқылы және _____ сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалы (бұдан әрі – сақтандыру ұйымы - қатысушы) Жарғы (Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалы туарлы ереже) негізінде іс-әрекет жасайтын Төраға (Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының басшысы (бұдан әрі – Филиалдың басшысы) _____ арқылы, бұдан әрі Тараптар деп аталады, төмендегілер туралы шарт жасады:

Осы шартта пайдаланылатын ұғымдардың "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) айқындалған түсіндірмелері бар.

Осы шарттың Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысу тәртібін айқындайтын ережелері "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырудың кепілдік берілген түрлері бойынша Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдарына қолданылады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сақтандыру ұйымы - қатысушы міндетті жарна сомасын "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қатысушылары – сақтандыру ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдары филиалдарының міндетті, қосымша жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін есептеу әдістемесін, міндетті, бастапқы біржолғы, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тәртібі мен мерзімдерін, шартты міндеттемелерді қалыптастыру мен есепке алу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 387 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8329 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 387 қаулы) сәйкес дербес есептейді.";

4-4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4-4. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыруға лицензиясы бар сақтандыру ұйымы-қатысушы "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қатысушылары-сақтандыру ұйымдары төлеу үшін бастапқы біржолғы жарна мөлшерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы № 184 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4855 болып тіркелген) белгіленген мөлшерде бастапқы біржолғы жарна төлейді.".

2. "Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның қызметіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы № 177 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4860 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның қызметіне қойылатын талаптарда:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Талаптарда Сақтандыру қызметі туралы заңда, "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген негізгі ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық жүйенің қауіпсіздігін басқарушы (бұдан әрі – басқарушы) – Ұйымның және дерекқорды пайдаланушының электронды деректерді алу және (немесе) беру жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, оларды қорғау шараларын іске асыратын, келіп түскен және (немесе) беріліп отырған ақпаратты оның функциялары мен өкілеттігін ескере отырып генерациялауды қамтамасыз ететін қызметкері;

2) ақпараттық қауіпсіздік саясаты – шектеулі таратылатын ақпаратты басқаруды, қорғауды және бөлуді реттейтін нормалар және практикалық тәсілдер;

3) бірдейлендіру – ұсынылған деректемелердің жүйеде бар деректемелермен сәйкес келуін айқындау арқылы кіру субъектісі мен объектісінің түпнұсқалығын растау;

4) дерекқорды пайдаланушы – Қазақстан Республикасы Заңдарының талаптарына сәйкес сақтандыру есептерін ақпарат жүйесінде қалыптастыруға және пайдалануға қатысушы, Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабының 3-тармағында көрсетілген ақпаратты жеткізушілер және Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабының 4-тармағының 3) және 3-1) тармақшаларында көрсетілген сақтандыру есебін алушылар;

5) жауапты тұлға – ақпаратты қорғау құралдарын санкцияланбаған кіруден қорғауды және бақылауды қамтамасыз ететін Ұйымның және дерекқорды пайдаланушының қызметкері;

6) зиянды бағдарламалық қамтамасыз ету (компьютерлік вирустар, желілік зиянкестер және осыған ұқсас бағдарламалық қамтамасыз етулер) – өз көшірмесін жасау қабілеті бар (ішінара немесе түпнұсқамен толық түрде дәл келетін) және оларды деректер базасын пайдаланушының сұрауынсыз компьютер жүйесінің, желілердің әр түрлі объектілеріне және (немесе) ресурстарына енгізу қабілеті бар орындалатын код жиынтығы;

7) нақты уақыт режимі – сақтандыру шарты жасалған күннен кейінгі күні Астана қаласының уақытымен сағат 16.00 дейін келіп түсуді, ақпаратты өңдеуді және айырбастауды қамтамасыз ететін, сақтандыру есептерін қалыптастыру мен пайдаланудың ақпараттық жүйесінің жұмыс режимі;

8) негізгі ақпарат – криптографиялық кілттер және электрондық цифрлық қолтаңба кілттері;

9) оператор – қорғаныс жүйесін пайдалану арқылы хабарламаларды қабылдау, жинау, өңдеу, беру және қабылдауды тікелей жүзеге асыратын дерекқорды пайдаланушы қызметкер;

10) проактивті режимдегі қызметтер - деректер базасы субъектісі тарапынан өтініш бермей ұсынылатын деректер базасы субъектісін хабардар ету жөніндегі Ұйымның қызметтері;

11) сақтандыру есептерін қалыптастырудың және пайдаланудың ақпараттық жүйесі – Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабының 3-тармағында көрсетілгендей ақпаратты жеткізуші Ұйым іске асыруға арналған ақпаратты жеткізушілердің, ақпараттық процестердің сақтандыру есептерін алушылардың (дерекқор субъектісін қоспағанда) олардың бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі ақпараттық технологияларының, ақпараттық желілерінің құрал-жабдықтарының жиынтығы;

12) сақтандыру есептерін қалыптастырудың және пайдаланудың ақпараттық жүйесін қорғау жөніндегі шаралар – сақтандыру есептерін қалыптастырудың және пайдаланудың ақпараттық жүйесінің жұмыс істеу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар, оның ішінде белгіленген бағдарламалық қамтамасыз етуге кіруге бақылауды және тіркелген пайдаланушылардың өкілеттігін шектемейтін құралдарды беруді қамтамасыз ететін санкцияланбаған кіруден электронды құралдар мен компьютерлерді қорғайтын бағдарламалық-аппараттық қорғаныс;

13) сақтандырушы – уәкілетті органның тиісті лицензиясының негізінде сақтандыру шарттарын жасау және орындау бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалы;

14) сәйкестендіруші – бірегей дербес код және (немесе) жүйенің субъектісіне және (немесе) объектісіне берілген және жүйеге және (немесе) жүйе ресурстарына ретпен кіруге арналған есім;

15) сәйкестендіру – жүйеде бар сәйкестендірушілер тізбесінің жүйеге және (немесе) сәйкестендіруші жүйесінің ресурсына кіруге рұқсат алу үшін жасалған иелену немесе сәйкестікті белгілеу процесі;

16) уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.";

мынадай мазмұндағы 2-3-тармақпен толықтырылсын:

"2-3. Сақтандыру қызметі туралы Заңның 79-бабының 7-тармағында белгіленген Ұйымның функцияларынан басқа, Ұйым:

1) сақтандыру есептерін алушылардың қызметін автоматтандыру үшін мамандандырылған бағдарламалық қамтылымды әзірлеуді және ұсынуды жүзеге асырады;

2) қызмет көрсетуді проактивті режимде жүзеге асырады, олардың ұсынылу тәртібін Ұйым Сақтандыру қызметі туралы заңда және Талаптарда белгіленген шектеулерді ескере отырып, дербес айқындайды.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабының 4-тармағында көрсетілген сақтандыру есебін алушылардан сақтандыру есебін қағаз тасымалдағышта ұсыну туралы сұрау салу түскен кезде Ұйым осындай алушыларға есеп сұрау салуды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде табыс етеді.

Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабының 4-тармағында көрсетілген тұлғаларға сақтандыру есебін беру Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабының 6-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Электрондық нысанда сақтандыру есебін беру туралы сақтандыру есептерін алушылардың сұрау салуы мынадай тәсілдердің бірімен расталады:

- 1) биометриялық сәйкестендіру құралдарымен;
- 2) электрондық цифрлық қолтаңбамен;
- 3) бір реттік құпия сөзді жасау және енгізу.

Биометриялық сәйкестендіру, электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану, сондай-ақ бір реттік парольді жасау және жіберу процестерін Ұйым Қазақстан Республикасының цифрландыру, электрондық құжат және электрондық қолтаңба саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік және дербес деректерді қорғау саласындағы талаптарды ескере отырып айқындайды.";

10-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10-1. Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабының 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат жеткізуші Ұйымға Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6164 болып тіркелген, "Сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтандыру, оның ішінде сақтандыру нарығының қатысушыларымен өзара қарым-қатынастағы қызметін жүзеге асыруына, сақтандыру ұйымы мен сақтандыру агентінің арасында жасалатын тапсырма шартына қойылатын және сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттіктеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасын және оқытуды жүргізудің тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы № 25 қаулысымен көзделген мәліметтерді міндетті сақтандыру түрлері бойынша, сақтандырудың міндетті түрлері шеңберінде (жүктелген сақтандыруды қоспағанда) бірлесіп сақтандыру шарттары бойынша - сақтандырудың ерікті түрлері бойынша, сақтандырудың, қайта сақтандырудың және бірлескен қайта сақтандырудың жүктелген және ерікті түрлері шеңберінде бірлесіп сақтандыру шарттары бойынша есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, нақты уақыт режимінде ұсынады."

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпаратты жеткізуші Ұйымға Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17806 болып тіркелген "Сақтандыру полистерінің мазмұнына және ресімделу тәртібіне қойылатын талаптарды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 269

қаулысында көзделген мәліметтерді міндетті сақтандыру түрлері бойынша, сақтандырудың міндетті түрлері шеңберінде (жүктелген сақтандыруды қоспағанда) бірлесіп сақтандыру шарттары бойынша және сақтандырудың ерікті түрлері бойынша есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, сақтандырудың, қайта сақтандырудың және бірлескен қайта сақтандырудың жүктелген және ерікті түрлері шеңберінде бірлесіп сақтандыру шарттары бойынша нақты уақыт режимінде ұсынады.";

11-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11-3. Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабы 3-тармағының 1-2) тармақшасында көрсетілген ақпаратты жеткізуші Ұйымға Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің шеңберінде жасалған зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша мәліметтерді ұсынады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Лауазымдық міндеттеріне көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасасу кіретін, Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген сақтандыру есебін алушының қызметкерлері сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін негізделген қолдану мақсатында дерекқор субъектісіне берілетін сынып туралы сақтандыру есебін (дерекқор субъектісінде сақтандыру жағдайларының болуы немесе болмауы) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13928 болып тіркелген, "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін "бонус-малус" жүйесі бойынша коэффициентті есептеу және қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 140 қаулысына сәйкес алады.";

мынадай мазмұндағы 44-1-тармақпен толықтырылсын:

"44-1. Ұйым сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жиырма төрт және одан да көп сағат ішінде шарттар жасасуға және (немесе) сақтанушылар (сақтандырылушылар, пайда алушылар) алдында міндеттемелерді орындауға мүмкіндігі болмаған сақтандыру жөніндегі бірыңғай дерекқордың қолжетімсіздігіне немесе дұрыс жұмыс істемеуіне әкеп соққан оқиғалар мен мән-жайлар туралы мәліметтер береді.

Ұйым осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәліметтерді уәкілетті органға аталған оқиғалар басталған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде кешіктірмей ұсынуды қамтамасыз етеді.";

55-тармақ алып тасталсын;

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"56. Қолжетімділігі шектеулі сақтандыру есептеріне қолжетімділігі бар пайдаланушының жұмыс орны орналасқан жер мен үй-жайды күзету құралдары

пайдаланушының жұмыс орнына жіберілмеген адамдардың осы үй жайға бақылаусыз кіру мүмкіндігін болдырмауға тиіс.

Жұмыс орнын техникалық қорғау құралдары жұмыс орнына рұқсатсыз кіруді болдырмауға тиіс.";

қосымша Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін "бонус-малус" жүйесі бойынша коэффициентті есептеу және қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 140 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13928 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін "бонус-малус" жүйесі бойынша коэффициентті есептеу және қолдану қағидалары Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

4. "Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларының, сақтандыру агенттерінің міндетті түрде сақталуға жататын құжаттарды сақтау қағидаларын және Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларының, сақтандыру агенттерінің міндетті түрде сақталуға жататын құжаттарының тізбелерін және оларды сақтау мерзімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 8 тамыздағы № 171 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14309 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген қаулымен бекітілген Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларының, сақтандыру агенттерінің міндетті түрде сақталуға жататын құжаттарды сақтау қағидалары 1-қосымшаға сәйкес Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

5. "Активтерді инвестициялау қағидаларын және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының меншікті активтері, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің қаражаты және зиянды өтеу резервінің қаражаты есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін және "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының комиссиялық сыйақыны алу

қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 199 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17396 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының меншікті активтерін, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің және зиянды өтеу резервінің қаражатын инвестициялау қағидаларында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау жөніндегі шешімді Қордың Директорлар кеңесі қабылдайды.

Инвестициялық портфельді басқарушы Қордың Директорлар кеңесінің мүшелерімен және өкілдері Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын қатысушы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен үлестес емес ұйымдар қатарынан таңдалады.";

көрсетілген қаулымен бекітілген "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының меншікті активтері, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің қаражаты және зиянды өтеу резервінің қаражаты есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесінде:

2, 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қор Қордың меншікті активтерін, резервтер қаражатын мынадай қаржы құралдарына:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар, ағымдағы шоттар;

2) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі мынадай талаптардың біріне сәйкес келетін салымдар, ағымдағы шоттар:

Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) ұлттық шкаласы бойынша "kzA-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар;

Қазақстан Республикасының резидент-еншілес банктері болып табылатын, Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "A-" төмен емес шетел валютасында ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-бас банктері;

3) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша (эмиентінің) "BB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) ұлттық шкаласы бойынша "kzA-"-тен төмен емес рейтингі немесе

басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының борыштық бағалы қағаздары;

4) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланғандарды қоса алғанда), кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын заңды тұлға шығарған, акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігі бар борыштық бағалы қағаздары, Қазақстанның Даму Банкінің борыштық бағалы қағаздары;

5) Standard&Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "А-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар борыштық бағалы қағаздар;

6) қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздар;

7) Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "АА-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ Еуразиялық Даму Банкі шығарған борыштық бағалы қағаздар;

8) тазартылған қымбат металдар мен металл шоттарына орналастыруды жүзеге асырады.

3. Қордың меншікті активтерін Тізбенің 2-тармақтың 1), 2), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген қаржы құралдарына ("кері репо" операцияларын ескере отырып) жиынтық орналастыру Қордың меншікті активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельдің кемінде елу пайызын құрайды.

Резервтер қаражатын Тізбенің 2-тармақтың 1), 2), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген қаржы құралдарына ("кері репо" операцияларын ескере отырып) жиынтық орналастыру резервтер қаражатының кемінде 80 (сексен) пайызын құрайды.

4. Қордың меншікті активтерін қаржы құралдарына (баланстық құны бойынша) жиынтық орналастыру мынадай:

1) екінші деңгейдегі бір банктегі (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, кредиторларға кепілдік төлемдерін жүзеге асыру жөнінде Қормен агенттік келісім негізінде қызметтер көрсететін банк-агентті қоспағанда) және оның үлестес тұлғаларының салымдарына, ақшасына және бағалы қағаздарына ("кері репо"

операцияларын ескере отырып) - Қордың меншікті активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельдің 20 (жиырма) пайызынан аспайтын, бірақ осы банктің меншікті капиталы мөлшерінің 25 (жиырма бес) пайызынан астам емес;

2) Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының (Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерін қоспағанда) және осы заңды тұлғаның үлестес тұлғаларының борыштық бағалы қағаздарына - Қордың меншікті активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельдің 20 (жиырма) пайызынан аспайтын, бірақ осы эмитенттің меншікті капиталы мөлшерінің 25 (жиырма бес) пайызынан астам емес;

3) мемлекеттік мәртебесі бар, шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған бағалы қағаздарға ("кері репо" операцияларын ескере отырып) - Қордың меншікті активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельдің 30 (отыз) пайызынан астам емес;

4) Қордың меншікті активтерінің қатысуымен жасалатын "кері репо" мәмілелері Қордың меншікті активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельдің 20 (жиырма) пайызынан астам емес;

5) борыштық бағалы қағаздарға бір шығарылым борыштық бағалы қағаздардың жалпы көлемінің 25 (жиырма бес) пайызынан астам емес;

6) халықаралық қаржы ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздарға – Қордың меншікті активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельдің 10 (он) пайызынан аспайды, бірақ осы эмитенттің меншікті капиталы мөлшерінің 25 (жиырма бес) пайызынан астам емес;

7) тазартылған қымбат металдарға және металл шоттарға – Қордың меншікті активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельдің 10 (он) пайызынан астам емес мәндерден аспайды.

Осы тармақта белгіленген Қордың меншікті активтерін жиынтық орналастыру жөніндегі талаптар Тізбенің 2-тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген бағалы қағаздарға қолданылмайды.";

5-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мемлекеттік мәртебесі бар, шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған бағалы қағаздарға ("кері репо" операцияларын ескере отырып) – резервтер қаражатының 20 (жиырма) пайызынан астам емес;"

6. "Сақтандыру ұйымдары таратылған, Қазақстан Республикасының бейрезиденттер-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, сақтандыру омбудсманы, дерекқор қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым қызметі мәжбүрлеп тоқтатылған жағдайда, сақтандыру ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері

филиалының, сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 259 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17825 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру ұйымдары таратылған, Қазақстан Республикасының бейрезиденттер-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, сақтандыру омбудсманы, дерекқор қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым қызметі мәжбүрлеп тоқтатылған жағдайда, сақтандыру ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

3-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) интернет-ресурстың басты бетінен бастап гиперсілтемелер (оған сілтеме жасалған ақпаратты көрсете отырып) бойынша бірте-бірте өту арқылы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Ақпаратқа қол жеткізу интернет-ресурстың басты бетінен үш реттен артық емес басу арқылы қамтамасыз етіледі.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Ақпаратты орналастыру кезінде оның жарияланған күні мен уақыты, сондай-ақ соңғы жаңартылған күні мен уақыты көрсетілуі керек.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Интернет-ресурстар ақпараттың дәйекті және біркелкі көрсетілуін қамтамасыз етуді, сондай-ақ стационарлық компьютерлер мен мобильді құрылғыларда орналастырылған ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуді ескере отырып әзірленеді."

қосымша Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

7. "Сақтандыру полистерінің мазмұнына және ресімделу тәртібіне қойылатын талаптарды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 269 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17806 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру қызметі туралы", "Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы", "Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы", "Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін

міндетті сақтандыру туралы", "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы", "Туристі міндетті сақтандыру туралы", "Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы", "Міндетті экологиялық сақтандыру туралы" 2005 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру полистерінің мазмұнына және ресімделу тәртібіне қойылатын талаптарда:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сақтандыру полистерінің мазмұнына және ресімделу тәртібіне қойылатын талаптарды (бұдан әрі – Талаптар) "Сақтандыру қызметі туралы", "Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы", "Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы", "Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы", "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы", "Туристі міндетті сақтандыру туралы" (бұдан әрі – Туристі міндетті сақтандыру туралы заң), "Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы", "Міндетті экологиялық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және сақтандыру полистерінің мазмұнына және ресімделу тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейді.

Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғым қолданылады:

сақтандырушы – сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалы.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Туристі міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисінде Талаптардың 2-тармағында көрсетілген мәліметтерден басқа сақтандырушының ассистанс компаниясының атауы, орналасқан орны, интернет-ресурсы, телефоны мен факсінің нөмірі, электрондық поштасының мекенжайы, сақтандырылушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), туған күні мен тұрғылықты жері, турист келген елдің міндетті сақтандыру бағдарламасы туралы ақпарат, сақтанушының (сақтандырылушының) сақтанушы (сақтандырылушы) таңдаған сақтандыру бағдарламасының талаптарымен танысқаны туралы белгі қамтылады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Сақтандыру полисінің мәтіні қазақ және орыс тілдерінде, туристі міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисі мен сақтандыру сертификатының мәтіні қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ресімделеді.

Сақтандыру полисінің, сертификаттың мәтіні "Times New Roman" шрифтімен кемінде тоғыз, кәдімгі әріптер аралық, бір жоларалық интервалдармен және абзац шегіністерін қолданумен басылады.

Сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) карауы үшін, сондай-ақ оны жүктеу және сақтау үшін электрондық түрде қалыптастырылған сақтандыру полисінің қолжетімділігі қамтамасыз етіледі.

Сақтандыру полисінің, сақтандыру сертификатының мәтіні олардың ауызша айтылуының тура мағынасына сәйкес түсіндірілуге тиіс. Мәтінде арнайы сақтандыру терминологиясы қолданылған жағдайда, оның толық және бір мәнді түсініктемесі беріледі."

8. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру қағидаларын және шарттарын, сондай-ақ құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптарды, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын ашуға рұқсат беру қағидаларын, сондай-ақ бизнес-жоспардың мазмұнына қойылатын талаптарды, Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін және сақтандыру брокерінің қызметін лицензиялау қағидаларын, сондай-ақ құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптарды, Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияны ерікті түрде қайтару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 24 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22217 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін және сақтандыру брокерінің қызметін лицензиялау қағидаларында, сондай-ақ құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптарда:

5-қосымшада:

реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын: "

3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) лицензия беру кезінде: порталға өтініш білдірген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде; 2) лицензия қайта ресімделген кезде: порталға өтініш білдірген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде; порталға өтініш білдірген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде (көрсетілетін қызметті алушы бөлініп шығу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда);
----	------------------------------------	---

		3) лицензияның телнұсқасы берілген кезде - порталға өтініш білдірген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде.
--	--	---

".
,"

6-қосымшада:

реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) лицензия беру кезінде: порталға өтініш білдірген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде; 2) лицензия қайта ресімделген кезде: порталға өтініш білдірген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде; порталға өтініш білдірген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде (көрсетілетін қызметті алушы бөлініп шығу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда); 3) лицензияның телнұсқасы берілген кезде - порталға өтініш білдірген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде.
----	------------------------------------	---

".
,"

7-қосымшада:

реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) лицензия беру кезінде: порталға өтініш білдірген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде; 2) лицензия қайта ресімделген кезде: порталға өтініш білдірген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде; порталға өтініш білдірген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде (көрсетілетін қызметті алушы бөлініп шығу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда); 3) лицензияның телнұсқасы берілген кезде - порталға өтініш
----	------------------------------------	--

	білдірген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде.
--	--

".
,"

8-қосымшада:

реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) лицензия беру кезінде: порталға өтініш білдірген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде; 2) лицензия қайта ресімделген кезде: порталға өтініш білдірген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде; порталға өтініш білдірген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде (көрсетілетін қызметті алушы бөлініп шығу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда); 3) лицензияның телнұсқасы берілген кезде - порталға өтініш білдірген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде.
----	------------------------------------	---

".
,"

9-қосымшада:

реттік нөмірі 9-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

		1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтамау; 2) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі; 3) басшы қызметкерді келіспеу (қайта құрылатын сақтандыру брокері, ашылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы үшін); 4) Заңның 34-бабының 4-тармағына сәйкес, резерв ретінде қабылданатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының активтерін қалыптастыру жөніндегі талапты орындамау;
--	--	--

9.	Мемлекеттік қызмет көрсетуден б ас тартуға негіздеме	5) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінде резиденті Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокері болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органы берген, мәні бойынша ұқсас қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған қолданыстағы лицензияның болмауы; 6) заңды тұлғалардың аталған санаты үшін қызмет түрімен айналысуға Қазақстан Республикасының заңымен тыйым салу; 7) лицензиялық алымның төленбеуі; 8) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялануға тиіс қызметті немесе қызметтің жеке түрлерін тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы заң күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы; 9) соттың сот орындаушысы ұсынған ұсынымның негізінде көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салуы; 10) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы заңының 8-бабына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсетуге талап етілетін, қол жетімділігі шектеулі дербес деректерге қолжетімділікке көрсетілетін қызметті алушының берілетін келісімінің болмауы.
----	---	--

".

Тізбеге 1-қосымша
Дерекқорды қалыптастыру және
жүргізу жөніндегі ұйымның
қызметіне қойылатын
талаптарға
қосымша

Нысан

Дерекқорды басқару жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға беру актісі

(Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның атауы)

20__ жылғы "___" _____ күні	_____
	жасалған жері

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң) 79-бабының 5-тармағына сәйкес мынадай құрамда комиссия құрылды:

уәкілетті органның өкілдері (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетілсін):

Комиссия _____,

(атауы)

Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның дерекқорды басқару жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға беру туралы осы актіні жасады.

Комиссия жұмысына Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның өкілдері қатысады (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетілсін):

Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабының 3-тармағында көрсетілген ақпарат берушілермен ақпарат беру туралы жасалған шарттарға қатысты мәліметтер:

№	Ақпарат берушінің атауы	Шарттың нөмірі және жасалған күні	Тестілеу нәтижесі	Тестілеу нәтижесіне түсініктемелер
1	Сақтандырушылар			
1.1				
...				
2	Дерекқор субъектілерін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган			
2.1				
...				
3	Өзге тұлғалар			
3.1				
...				
4	Барлығы (саны)			

Сақтандыру есептерін қалыптастыру және беру бойынша ақпараттық процесті ұйымдастыру:

Дерекқорды басқару жүйесінің сипаттамасы:

Ақпарат беру туралы шарт жасасқан ақпарат берушілермен ақпараттық процесті тестілеу нәтижелері:

Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым өкілдері түсіндірмелерінің қысқаша мазмұны:

Комиссия _____

(атауы)

Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабының 3-тармағында көрсетілген ақпарат берушілермен техникалық және өзге де құжаттарды, ақпарат беру туралы шарттарды, дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымды тексерді.

оның дерекқорды басқару жүйелерін және сақтандыру есептерін қалыптастыру және беру жөніндегі ақпараттық процесті ұйымдастыруға арналған өзге де объектілерді зерттеп, осы ұйымның дерекқорды қалыптастыру және жүргізу бойынша екенін анықтады

Дерекқорды басқару жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға беруге дайын (дайын емес).

Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым сақтандыру есептерін қалыптастыру және беру жөніндегі ақпараттық процесті ұйымдастыруға, дерекқорды басқару жүйесіне және комиссия актісіне қоса берілген ақпараттық процесті тестілеуге катысты мынадай құжаттарды ұсынды:

Акт екі данада жасалды және:

уәкілетті органға;

Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға бір-бір данадан берілді.

Комиссия мүшелері (Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса),

қолы және қол қойылған күні):

Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның өкілдері

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса), қолы және қол қойылған күні):

Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның басшысы

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса), қолы және қол қойылған күні):

Тізбеге 2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 30 мамырдағы
№ 140 қаулысымен
бекітілген

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін "бонус-малус" жүйесі бойынша коэффициентті есептеу және қолдану қағидалары

1. Осы Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін "бонус-малус" жүйесі бойынша коэффициентті есептеу және қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 43-бабының 18-2) тармақшасына және "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңы) 19-бабының 10-тармағына сәйкес әзірленген және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (бұдан әрі – көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру) бойынша

сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін "бонус-малус" жүйесі бойынша коэффициентті есептеу және қолдану тәртібін айқындайды.

Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер Заңда және Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңда көрсетілген мағыналарда қолданылады.

"Бонус-малус" жүйесі бойынша коэффициенттерді (бұдан әрі – коэффициент) белгілеу мақсатында көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын (бұдан әрі – міндетті сақтандыру шарты) жасасу кезінде азаматтығы және (немесе) жеке басы төмендегі құжаттармен расталатын және (немесе) куәландырылатын адам Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғасы болып танылады:

- 1) Қазақстан Республикасы азаматтының жеке куәлігі;
- 2) Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;
- 3) Қазақстан Республикасында туылғаны туралы куәлік;
- 4) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат;
- 5) азаматтығы жоқ адамның куәлігі.

2. Міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтанушыға (сақтандырылушыға) Қағидаларға қосымшаға сәйкес коэффициенттер (бұдан әрі – коэффициент) белгіленіп, тиісті сыныптар (бұдан әрі – сынып) беріледі.

Сақтандырушының коэффициенттерді қолдануы үшін сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен болған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайлары) туралы ақпарат не сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайлары) туралы ақпараттың болмауы, сондай-ақ сақтандыру жөніндегі бірыңғай дерекқордан (бұдан әрі – дерекқор) және (немесе) мемлекеттік дерекқорлардан сақтандырушы алған, Қағидаларда көзделген өзге де ақпарат негіз болып табылады.

"Бонус-малус" жүйесі бойынша коэффициенттерді есептеу және беру үшін қажетті мемлекеттік дерекқорлардан алынған мәліметтерді сақтандырушы дерекқорға береді.

Ақпарат беруші болып табылатын сақтандырушы ақпарат беру жөніндегі талаптарды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде белгіленген жауаптылықта болады.

3. Сақтанушыға (сақтандырылушыға) сақтандыру сыныбы берілген кезде оның кінәсінен болған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайлары), сондай-ақ жасалған міндетті сақтандыру шарттарының санына қарамастан, сыныптың алдыңғы өзгерген күнінен бастап міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған күндер және Қағидаларда көзделген өзге де ақпарат есепке алынуға жатады.

Сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен болған сақтандыру жағдайының (сақтандыру жағдайларының) басталуы және ол (олар) бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған, Қағидалардың 7, 10, 11, 12, 13 және 14-тармақтарында белгіленген

талаптар ескеріле отырып, Қағидаларға қосымшаға сәйкес сақтанушының (сақтандырылушының) сыныбының төмендеуіне әкеп соғады. Бұл жағдайда ең төменгі сынып М2 сыныбы болып табылады.

Сыныпты одан жоғары сыныпқа өзгерту бір уақытта мынадай шарттар орындалған кезде жүзеге асырылады:

дерекқорды қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асыратын ұйымда сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен болған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайлары) туралы және сыныптың соңғы өзгерген сәтінен бастап дерекқорда есепке алынған ақпараттың болмауы;

кемінде күнтізбелік екі жүз жетпіс күн мерзімге сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігін үздіксіз сақтандыру туралы ақпараттың болуы талап етілетін Қағидалардың 4 және 5-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жасалған міндетті сақтандыру шарттарының санына қарамастан, сақтанушының (сақтандырылушының) міндетті сақтандыру шарты бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған сыныптың соңғы өзгерген күнінен бастап кемінде күнтізбелік екі жүз жетпіс күн туралы дерекқорда ақпараттың болуы.

Көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған адамдар үшін сыныптар бұл құқықтан айыру мерзімі ішінде көтерілмейді. Сыныпты неғұрлым жоғары сыныпқа өзгерту үшін көлік құралын басқару құқығынан айырылған жағдайда, көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған күнге дейін жасалған міндетті сақтандыру шарттарының санына қарамастан, сақтанушының (сақтандырылушының) міндетті сақтандыру шарты бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған сыныптың соңғы өзгерген күнінен бастап күндер есепке алынады.

Осы тармақтың төртінші бөлігінде және Қағидалардың 7, 8, 9, 12, 13, 14-тармақтарында көрсетілген ақпарат есептеу күннің алдындағы күні ақпарат болмаған жағдайда, осы ақпаратқа сақтандыру жөніндегі бірыңғай дерекқорға қолжетімділік не оны ағымдағы күнгі жағдай бойынша мемлекеттік дерекқорлармен интеграциялау арқылы алу мүмкіндігі болған кезде бонус-малус коэффициенттерін есептеу кезінде қолданылады.

4. Міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде Қағидалардың 5 және 6-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтанушыға (сақтандырылушыға) алғаш рет көтеретін жиырма пайыз коэффициенті қолданыла отырып, 3-сынып беріледі

Егер дерекқорда сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша кемінде күнтізбелік екі жүз жетпіс күн мерзімге бұрын үздіксіз сақтандырылғанның болуы туралы ақпарат болмаған жағдайда, міндетті сақтандыру шарты алғаш рет жасалған болып есептеледі.

5. Мотокөлік құралының иесімен алғаш рет міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде Қағидалардың 6-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, сақтанушыға (сақтандырылушыға) 3-сынып беріледі.

Егер дерекқорда сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша кемінде екі жүз жетпіс күнтізбелік күн мерзімге бұрын үздіксіз сақтандырылғанның болуы туралы ақпарат болмаған жағдайда, міндетті сақтандыру шарты алғаш рет жасалған болып есептеледі.

6. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кірген (әкелінген) көлік құралдарының иелерімен міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде 13-сынып беріледі.

7. Сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен болған және қаза табуға әкеп соққан және сақтандыру төлемі жүзеге асырылған сақтандыру жағдайының басталуы Қағидалардың 6, 8 және 9-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтанушының (сақтандырылушының) сыныбын ең төменгі сыныпқа – М2 төмендетуге әкеп соғады.

8. Қағидалардың 6 және 9-тармақтарында көзделген адамдарды қоспағанда, заңды тұлғамен, дара кәсіпкермен және шаруа қожалығымен міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде 3-сынып беріледі.

9. Қағидалардың 6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші жеңіл автомобильдер мен жеңіл автокөлік құралдарын жалға беру, жеңіл автомобильдер мен жеңіл автокөлік құралдарын лизингке беру, автобустармен тасымалдау, сондай-ақ такси қызметін жүзеге асыру жөніндегі қызметтерге сәйкес келетін заңды тұлғамен, дара кәсіпкермен және шаруа қожалығымен міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде көтеретін сексен пайыз коэффициентін қолдана отырып, 3-сынып беріледі.

10. Сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен болған сақтандыру жағдайын Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңның 22-2-бабына сәйкес сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі арқылы реттеу кезінде сақтанушыға (сақтандырылушыға) Қағидаларға қосымшада көзделген сыныптан 1 сыныпқа артық сынып беріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережесі мынадай:

сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен болған екі немесе одан да көп сақтандыру жағдайлары басталған;

егер сақтанушының (сақтандырылушының) сынып алатын сәтінде қолданыстағы сыныбы М1 немесе М2 болған;

Қағидалардың 14-тармағының ережелері қолданған жағдайларда қолданылмайды.

11. Сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен болған сақтандыру жағдайының нәтижесінде жәбірленушінің (жәбірленушілердің) мүлкі бойынша сақтандыру төлемінің сомасы екі жүз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын

сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға (сақтандырылушыға) осы Қағидаларға қосымшада көзделген сыныптан 1 сыныпқа артық сынып беріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережесі мынадай:

